



Сабақтың тақырыбы:

“Ыбырай – шағын әңгіме шебері”

(Қ.Бітібаеваның технологиясы негізінде)



Сабақтың ұраны:

*«Басқа халықтан кем болмас үшін
біз бай, күшті, білімді болуымыз керек.
Бай болу үшін кәсіп керек, күшті болу үшін
бірлік керек, білімді болу үшін оқу керек, осы
керектердің жолында жұмыс істеу керек»*

А.Байтұрсынов



"Оқығанның көңілі тетік, сөзі майда"

I. Проблемаларды шешу құзыреттілігі

I топ: Ыбырай Алтынсарин – оқулық авторы.

II топ: Ыбырай өлеңдерінің тақырыбы, көркемдік әлемі.


Тапсырмалар:

Жұмыстың түрі: графикалық талдау, топтастыру.

Шарттары:

- 1. “Қазақ хрестоматиясына” енген шығармаларын топтастырып, тәрбиелік мәнін дәлелдеу.*
- 2. Ыбырай өлеңдерінің тақырыбын, көркемдік әлемін ашып, дәлелдеу.*
 - а) өз беттерімен іздену, топтастыру, жинақтау.*

Мақсатқа жету технологиясы: топтық жұмыстар арқылы проблеманы шешу, өзіндік ізденісті ұйымдастыру



“ Ынта болса адамда, Қиын іс жоқ ғаламда”

II. Ақпараттық құзыреттілік

Тапсырмалар:

I топ: “Ыбырай – шағын әңгіме шебері” моделін құрастырыңдар.

II топ: “Ыбырай - қазақ балалар әдебиетінің атасы” моделін құрастырыңдар.

Шарттары:

Тәрбие мәселесіне және еңбек тақырыбына арналған әңгімелерін талдау, саралау.

а) Өздерің таңдап алған әңгімелерден даналық, нақыл сөздерді теріп ал. Өзіңе қайсысы ерекше ұнады, соны саралау.

Мақсатқа жету технологиясы: саралау, бөліп алу, анализ, синтез жасау, жүйелеу, өзіндік баға беру.

Әңгімелері	Даналық, нақыл сөздер	Өз бағасы, пікірі



“Зерделі сұрақ, ұтымды жауап”

III. Коммуникативтік құзыреттілік.

Тапсырмалар:

I топ: . «Ыбырай – көрнекті прозашы» деген пікірмен келісесің бе?

II топ: Қалай ойлайсыңдар, Ыбырай әңгімелерінің бүгінгі күн өміріңеңдігі бар ма?

Шарттары:

Бір – біріңнен интервью алып, оны ортаға салуға әзірленіңдер. Ақын әңгімелерінде атап көрсетілген адамдық қасиеттердің болашақтағы өміріңе қажеті бар ма? Осы мәселе айналасында ой толғаңдар.

Пікірлеріңді жинақтап, сыныптағы білім қоржынына салыңдар.

Мақсатқа жету технологиясы:

сұхбат – интервью, ой толғау.



“Іздеген жетер мұратқа...”

Сабақты нысықтау. Топтастыру стратегиясы

*1. «Ыбырай Алтынсарин –қазақ арасынан шыққан тұңғыш
кемеңгер адам еді, ол өзінің қараңғы, көшпелі халқының ішіне
еуропалық мәдениеттің жарық сәулесін таратты»*

«Оренбургский листок» газетінен

*I топ: жоғарыдағы пікірді басшылыққа алып, Ыбырайдың
әңгімелеріндегі адамгершілік қасиеттерді топтастыру.*

II топ: Ыбырай әңгімелері арқылы нені үйрендім?





*Ыбырай
әңгімелерін
дегі
адамгершіл
ік
қасиеттер*



*Ыбырай
әңгімелері
арқылы
нені
үйрендім?*



"Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні"

Сабақты бекіту:

“Мен үшін...” әр жеке тұлғаның бүгінгі сабақ бойынша өз ой – пікірлерін тыңдау.

- 1. Мен үшін Ыбырай атаның әңгімелерінің тәрбиелік мәні зор...***
- 2. Қазағымның тұңғыш кемеңгер- ұстазы ,ойшылы - Ыбырай атаның арманына біздер жетіп отырмыз...***
- 3. «Ғылым- жанып тұрған шырақ»,-дегендей...***



Бағалау:

Бағалау парақшасы бойынша бағалау.

Үйге тапсырма:

- 1. “Қазақ арасынан шыққан тұңғыш кемеңгер”
тақырыбына эссе жазу.***
- 2. “Ыбырай және болашақтағы қазақ мектебі”
тақырыбына пікір таласын жүргізуге сұрақтар әзірлеу.***

